

**Нурматов Ж.Е., \*Мырзабеков М.М.**

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Қазақстан, Түркістан қ., \*e-mail: muratbek.myrzabekov@ayu.edu.kz

## **ҚАЖЫ БЕКТАШТЫҢ МОРАЛЬДЫҚ-ЭТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ**

Анадолыда түркілік мұсылмандық ілімді насихаттаған Қажы Бекташ ілімі мен Атамекенде ар ілімін дәріптеген қазақтың діни ойшылдары арасында сабақтастық сақталған. Қажы Бекташ пен қазақ ойшылдары өмір сүрген кеңістік пен уақыт екі басқа болғанымен олардың сусындаған ілім бұлағы бір. Ол – Ахмет Ясауи ілімі, одан ары әл-Фарабиге барып тіреледі. Осыған байланысты Ахмет Ясауи «Әзірет Сұлтан», «Әулиелердің сұлтаны» деп аталса, әл-Фараби әлемнің екінші ұстазы болса керек. Ясауи іліміне сәйкес Қажы Бекташ та, Абай да, Шәкәрім мен басқа да қазақ ойшылдары адамға, оның ішкі ар тазалығына, рухани, моральдық-этикалық кемелденуіне аса мән берген. Себебі, адамдықтың мәні мансапта да, байлықта да емес, ол жоғары адамгершілік қасиетте, жүрек тазалығында жатыр. Осыған орай, Абай өзінің басты өсиеттерінде адам болуға ерекше мән берген. Себебі адам – мына әлемнің өзегі және мәнісі. Ал адамның өзегі жүрегінде жатыр. Демек Қажы Бекташ пен қазақ діни ойшылдары ілімінде адамдық, ол жүрек тазалығында, рухани кемелденуінде жатыр. Ал кемелдік пен рухани тазалық сабырлық, адалдық, кішіпейілдік, көшірімділік, бауырмалдық сияқты моральдық-этикалық тұрғыда рухани өрлеуде жатыр.

**Түйін сөздер:** Анадолы, Атамекен, иман, сопылық, құдай, ахлак, ар.

Nurmatov Zh.E., \*Myrzabekov M.M.

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi,  
Kazakhstan, Turkestan, \*e-mail: muratbek.myrzabekov@ayu.edu.kz

## **The place of the moral-ethic views in Kazakh philosophy of Haji Bektsh Veli**

The fact that the obvious compatibility between Haji Bektash`s Turkish-Muslim knowledge in Anatolia and the knowledge of honor among Kazakh Religious scholars are maintained. The space and time of Haji Bektash and Kazakh scholars was different but the source which they use was the same. It was the knowledge of Ahmet Yasawi and after it is based on al-Farabi. Therefore, Ahmet Yasawi is called «Aziret Sultan», «The Sultan Of Saints» and Farabi is called «The Second Teacher». In accordance with Yasawi knowledge, Haji Bektash, Abay, Shakarim and other Kazakh scholars gave great importance to the inner world of man, his spiritual purification and moral-ethic development. Because the nature of man is not in glory and honor or in wealth. It is in human virtue and heart cleanliness. That is to say the knowledge of Haji Bektash and Kazakh scholars is in heart cleanliness and spiritual development. In terms of moral-ethic development requires spiritual cleanliness, patience, honest, humility, grace and brotherhood.

**Key words:** Anatolia, homeland, faith, mysticism, god, morality, honor.

Нурматов Ж.Е., \*Мырзабеков М.М.

Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Яссауи,  
Казахстан, г. Туркестан, \*e-mail: muratbek.myrzabekov@ayu.edu.kz

## **Морально-этические взгляды Кажы Бекташ Уали в истории казахской философии**

Сохраняется преемственность между распространением тюркско-исламского учения в Анadolу и превознесением учения о совести (ар) казахских религиозных мыслителей. Несмотря

на разное пространство и периоды жизни Кажы Бекташ Уали и казахских мыслителей, источники учения являются одними и теми же – учение Ахмеда Ясауи, дальше основываясь на учения аль-Фараби. Поэтому Ахмеда Ясауи именуют как «Хазрат Султан», «Султан всех святых», а аль-Фараби – вторым учителем. Соответствуя учению Ясауи, Кажы Бекташ, Абай и Шакарим а также другие казахские мыслители уделяют большое значение человеку а также его внутренней чистоте, душевной и морально-этическому совершенствованию. Потому что значение человечности лежит не в карьере и богатстве, а в высоком качестве человечности и чистоты сердца. Поэтому Абай в своих назиданиях уделял большое внимание бытию человека. Так как человек является основой и смыслом этого мира. А основа человека лежит в сердце. Следовательно человечность в учении Кажы Бекташ и казахских религиозных мыслителей лежит в чистоте сердца и духовным совершенстве. А духовное совершенство и душевная чистота лежат в таких морально-этических качествах, как спокойствие, честность, скромность, милосердие, отзывчивость.

**Ключевые слова:** Анадолу, Атамекен, иман, суфизм, Бог, ахлак, совесть (ар).

## Кіріспе

Адамның мәні мен маңызы сонау ерте кезден-ақ философия мен дін ілімдерінің негізгі тақырыптарының бірі болып келген, оның мақсаты – адамзатты бақытты қылу. Олардың бірі бақытты материалдық игіліктерден тапса, бірі – о дүниеден іздеген, енді бірі – өмірдің тұрақтылығы мен тыныштығын адамзаттың бақыты деп білген. Тұрақтылық пен тыныштық қоғамдағы адамдар арасындағы бір-біріне деген құрметі, сенімі, қайырымдылығы және кешірімділігі, басқаша айтар болсақ, ол адамдар арасындағы өнегелік қасиеттер арқылы жүзеге асады. «Кез келген адамның қалайтыны, мақсаты бақыт болып табылады, – деп жазады әл-Фараби, – еңбектену арқылы сол мақсатқа ұмтылған адам осы мақсатты кемелдік деп ойлағандықтан ғана оған ұмтылады. Бұл өте айқын, оған анықтама берудің керегі жоқ. Адам өзін тартатын кемелдіктен тұратын мақсатқа оның тек қана жақсылық болғандығы үшін ұмтылады [әл-Фараби, 2005: 134].

Бақытты ортағасырлық түркінің данагөйі Жүсіп Баласағұни «құт» терминімен түсіндіріп өткен. Құт сөзін «өмірлік күш», «өркендеу басы», «өмір нәрі», сонымен қатар байлықпен байланысты «бақыт», «игілік», «үлес», «тағдыр» деген ұғымдармен сәйкестендіруге болады [Нұрмұратов, 2004: 25]. Сондықтан ол адамзатқа бақыт жолын сілтейтін «Құтадғу Білік» (Құт әкелетін білім) деп аталатын құнды еңбегін жазды. Құтадғу Білік адам мен қоғамның бақытты өмір сүру жолдарын нұсқайтын моральдық-этикалық құндылықтарға толы еңбектің бірі екендігі даусыз. Осындай еңбектердің қатарына Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметін» де, Кажы Бекташтың «Мақалатын» да, Абайдың өлеңдері мен «Қара сөздерін» де, Шәкәрімнің «Үш анығы» мен өлеңдерін де жатқыза аламыз. Аталған

ойшылдардың моральдық философиясында сүйенген қайнар бұлақтарының бірі ретінде діни моральдық-этикалық құндылықтарды атап өтуге болады [Khalitova, 2014: 269]. Ал діни ілімнің өзі имандылық пен адамгершілікке толы.

**Зерттеу жұмысының әдістері.** Зерттеу жұмысын талдауда Кажы Бекташтың моральдық-этикалық көзқарастарының қазақ философиясы тарихындағы орнына байланысты жазылған зерттеулер негізге алынды. Тақырыпқа қатысты классикалық және қазіргі таңдағы орныққан тұжырымдарға сүйене отырып, тарихи-ғылыми, діни-философиялық ойлардың озық тұстары пайдаланылды. Зерттеу барысында компаративистикалық және герменевтикалық әдіс басшылыққа алынып, талдау, жинақтау және қорыту, жүйелілік әдістері де қолданылды.

**Дереккөздерге шолу:** Кажы Бекташ пен оның мұралары, философиясы отандық, тіпті Орта Азиялық ғылыми ортада әлі күнге дейін зерттелмеген тың тақырыптар қатарына жатады. Алайда ойшыл ілімінің бастаулары болып табылатын дәстүрлі түркілік, исламдық, сопылық дүниетаным және олардың тарих бойындағы бір-біріне ықпалдастығы жайлы әл-Фарабидің, Жүсіп Баласағұнидің, Махмуд Қашғаридің т.б. дүниетанымы мен мұралары және олардың түркі философиясы мен мәдениетіне қосқан қомақты үлестері отандық ғалымдар тарапынан жеткілікті деңгейде зерттеліп келеді. Осы тақырыпта Ә. Нысанбаевтың, С.Н. Ақатайдың, Ә. Дербісәлиевтың, М.С. Бурабаевтың, Н.Л. Сейтахметованың, Ж. Алтаевтың, Ғ. Есімнің, С.Е. Нұрмұратовтың, Қ.Ұ. Әлжанның еңбектері өткенімізді тануда негізі ізденістер болып табылады.

Кажы Бекташ түркілік сопылықтың негізін салушы Ахмет Ясауидің жолын қуушысы ретінде танымал, демек Кажы Бекташ ілімінің қайнары ретінде Ахмет Ясауи ілімінен іздеген жөн. Ал

Ахмет Ясауи мұраларын отандық зерттеушілер жеткілікті деңгейде ізденістер жасап, зерттеулер жүргізіп келеді. Олардың қатарына А. Абуовты, К.К. Бегалинованы, Д. Кенжетаетты, Б.И. Аби-рованы, З. Жандарбекті, М. Жармұхамедұлын, А. Ахметбекованы жатқыза аламыз.

Ғылыми ортада Қажы Бекташтың тарихи тұлғасы, оның діни-философиялық мұрасы, еңбектеріндегі сопылық көзқарастар, түрік мәдениетіндегі қалдырған терең іздері мен өркениетке қосқан үлесі жайлы зерттеулер, талдаулар жасаған шет елдік, оның ішінде түркиялық зерттеушілер қатарына Б. Ноян, Я.Н. Өзтүрк, М. Татжы, М.Ф. Көпрулу, А. Гөлпынарлы, Е.Р. Фығлалы, А. Пала, И. Иешилдағ, М. Сертоғлу, Э. Ышыңсу, И.З. Эййубоғлу, М. Айдын, Х. Явузер, Я.И. Ожак, А. Гүлвахабоғлу сынды ғалымдар жатады. Олардың зерттеулері Қажы Бекташтың өмірі, көзқарастары және түрік діни философиясына қосқан үлесі төңірегінде өрбіген.

Ал батыстық зерттеушілер арасында анатoliaлық түрік суфизміне, Қажы Бекташ мұраларына және бекташилiк-алевилiк мектебіне ерекше көңіл бөлгендер арасында Дж.К. Бирджді, И. Меликофты, Дж. Тримингэмді және орыс зерттеушісі Ю.А. Аверьяновты жатқызуға болады. Қажы Бекташ мұрасына нақты қалам тартпағанымен, Қажы Бекташ философиясына негіз болған сопылық ілім, тариқат жайлы құнды зерттеулер жасаған батыстық шығыстанушылар ретінде Карл В. Эрнсті, Э. Андерхиллді, А. Мецті, орыс зерттеушілері – М.Т. Степанянцты, Е. Бертельсті, А.Д. Кнышті, А.В. Смирновты, Хисамуллинді ерекше атап өтуге болады.

### Негізгі бөлім

Діни моральдық-этикалық құндылықтардың ерекшелігі – адамның өнегелік қасиеттерін тәңірлік жол ретінде қарастыруында жатыр. Ортағасырлық мұсылман түркі ойшылдары жоғары адамдық қасиеттердің негізін Құран аяттары мен Мұхаммед пайғамбардың жеке өнегелік қасиеттерінен іздегендігі жоғарғы бөлімдерде баяндалып өтті. Құран мен Мұхаммед өсиеттері мұсылмандық шығыс үшін – моральдық-этикалық идеал. Мұндай сабақтастық Ахмет Ясауи салған арна бойынша қазақ ойшылдары арасында жалғасын тапқан. Қазақтың дана ойшылдары Абайдың, Шәкәрімнің және Мәшһүр Жүсіптің адамгершілікке үндейтін ойлары діни, сопылық сипатта көрініс табады. Мұның өзі Ахмет Ясауи, Қажы Бекташ ілімдерінің кейінгі дәуір ойшылдары философиясындағы

сабақтастықты көрсетеді. Мәселен, рухани бақыт жолын сілтейтін этикалық категориялар ретінде Ахмет Ясауи мен Қажы Бекташтың дәріптеген құдайлық махаббат сезімі мен әділдікке [Turumbetova, 2017: 1735] Абай да қырық бесінші қара сөзінде тоқталып өтеді: «адамдықтың алды – махаббат, ғаделет сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ», – деп жазады. Одан ары: «Бұл ғадалет, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ғақил» [Құнанбаев, 1986, 164], дей отырып, адамның рухани дамуының өлшемін Абай да осы қасиеттер шеңберінде айқындап көрсетеді. Себебі, рухани өрлеу – адамның адам болуына басты кепілдік көзі. Адамдық қасиет немесе руханилық құндылықтардың, идеялардың, махаббат пен мейрімділік сезімінің, арлылық пен альтруизмнің, өнер-білімге деген құштарлық пен өзгенің де қамын жеудің, адам түгілі өзге де мақұлықтар мен қоршаған ортаны аялай білудің жиынтығын құрайды. Осындай адамилық қасиет адамды ізгілікке, жалпы жұртқа қайырымды болуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелейді. Ал адамилық қасиеттен жұрдай болған кезде, әділетсіздік пен ашкөздік, арам пиғыл мен кулық-сұмдық, алаяқтық, эгоизм орнайды. Бұлар адамға бақыт пен тыныштық емес, керісінше бақытсыздық, күнәлі қылмыстар, қайғы-қасірет әкеледі. Сондықтан әрбір адамның өз жан дүниесінде және өзге де өнегелік қасиеттердің ұшқынын тұтатуға бастама болу – адамдық қасиетінің басты кілті екендігі даусыз. Қажы Бекташтың сөзімен айтқанда өнегесіздік қасиеттердің барлығы шайтандық белгілер [Sipos, 2009: 38]. Ал шайтан ізгіліктің бастауы болып табылатын Алланың қас жауы. Қажы Бекташтың осы ойын Шәкәрімде кездестіреміз:

Тәңір жолы – ақ жүрек,  
Сайтан деген – қиянат  
Ақ жүректі – ертерек,  
Ескер-дағы, қыл әдет ...  
[Құдайбердиев, 1988: 264]

Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында адам, оның ішінде әсіресе, бала тәрбиесі, оның адам болып қалыптасуына жағдай жасау, рухани кемістіктерден аулақ болу басты орында тұрады. Қазақтың дәстүрлі түсінігінде адам мына өмір сүрген ортадан ала бөтен, өзінше бір болмыс емес, керісінше, қоршаған ортамен, табиғатпен тығыз байланысты түрде тәрбиеленеді. Адам табиғатқа қарап өседі, одан рухани, адамдық тәрбие алады. Осы көзқарастардың бастау-

ын сонау көшпелі түркілердің діни сенімі мен дүниетанымынан мысал ретінде келтіруге болады. Ежелгі көшпелілер өмірдің бастауы ретінде көк аспан мен жер ананы құрметтеген. Өке рөлін ойнаған Көк тәңір мен ана рөлі ойнаған жер анаға табыну адам мен табиғаттың етене жақын екендігін көрсетеді [Аюпов, 2006: 17-18]. Жер мен суды құрметтеу [Орынбеков, 1994: 192], су қайнарлары мен орман-тауларды аялау, аң-құс пен жан-жануарлардың киесіне табыну, төрт түлік малдың (Шопан ата, Қамбар ата, Ойсыл Қара ата, Сексек ата, Зеңгі баба) пірлерінен медет сұрау адамның табиғат пен ондағы жанды-жансыз мақұлықтармен біртұтас екендігін көрсетеді [Еграу, 2013: 36]. Сондықтан даланың кеңдігіне, ондағы табиғат сұлулығына қарай бейімделуге тырысқан қазақи мінезде кеңпейілдік, адалдық, меймандостық, жомарттық орын алады. Қазақтың дәстүрлі түсінігінде материалдық игілікке қарағанда рухани құндылықтарды әрдайым жоғары қойған. «Малым жанымның садақасы, жаным арымның садақасы» – деген халық мақалы осыны аңғартады. Ал материалдық құндылықты бәрінен жоғары қоюшылықты қазақ әр кезде – «сарандық» деп бағалап, оған сыни көзқараспен қараған [Нұрмұратов, 2004: 26].

Кең далада еркін өскен адамның ойы да еркін, көңілі де кең, кешірімшіл, ер мінезді, қонақжай, аңкылдақ болуы, көпшілік алдында өзін еркін ұстай білетін, «бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» қағидасы бойынша шындықты ханға да, қараға да бетке айтатын өр мінезі оның табиғаттан алған мінезі деп бағаласақ болады. Далада, сұлу табиғат аясында өскен адамның жан дүниесіндегі сұлулық табиғат сұлулығымен үйлесім табуы заңды құбылыс. «Қазақ халқының мінез-құлқы оны қоршаған ортаға – кең далалық кеңістікке, географиялық жағдайға, баққан малға, оның шаруашылығына байланысты қалыптасты» [Кішібеков, 2009: 270], – деп жазды Досмұхамед Кішібеков.

Табиғат сұлулығын жан дүниесімен сезіне білген Абай сұлулық арқылы әлемді жақыннан тануға болады деп есептеген. Жастайынан осы тәрбиеде өскен ақын табиғаттың, ондағы жанды-жансыз мақұлықтардың, әйелдің көркемдігіне байланысты адам өміріне нұр сыйлайтын, оған мән мен мағына беретін үйлесімділіктерді өлеңдерінде жырлап өткен. Бұл адам мен қоршаған ортаның ажырамас байланысын көрсетеді. Мұның әлемнің сұлулығын құдайдың көрінісі ретінде санаған, адам мен табиғаттың біртұтас дүние екендігіне сенген ортағасырлық

түркі ойшылдары – Ахмет Ясауи мен Қажы Бекташ идеяларының жалғасы екендігі даусыз. Әсіресе Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» мұсылман түркі әлемінде ерекше орынға ие [Edelbay, 2012: 209]. Ахмет Ясауи табиғаттағы болмыстарды ең кемел идеал – құдайдың көрінісі ретінде санаса, адамның қоршаған ортамен бір тұтас екендігі Қажы Бекташтың Мақалатында орын алады. Ол еңбегінде табиғаттағы жаратылыстарды адамның жан дүниесіндегі құбылыстарға теңеген [Қажы Бекташ, 2008: 63-78]. «... ғарыштан бастап жердің астына дейінгі болмыстар мен құбылыстарды адам өз болмыс-бітімінен іздеп табуы тиіс» [Қажы Бекташ, 2008: 63], – деген ойының көшпелі қазақтың дәстүрлі философиясымен үндестік тауып тұрғандығы айқын [Moldagaliyev, 2015: 223] Мақалаттың тағы бір жерінде Қажы Бекташ былай дейді: «Қымбаттым! Әлемдегі Құдай Тағаланың барлық жаратқандары адамның болмыс-бітімінде кездеседі, тіпті, онда артығымен бар: адам көңілінде түсіну мүмкін емес қасиеттер де, айқындалуы қиын құпия сырлар да көп [Қажы Бекташ, 2008: 74].

Ұлы Абай мен Қажы Бекташтың көзқарастары бойынша шынайы сұлулық адамның сыртқы келбетіне байланысты емес, оның ішкі әлемімен, ортамен қатынасы жағынан үйлесімділік пен пәктікте жатыр. Адам ойлай алады, ішкі мазасыздық пен шаттыққа, сүю мен ренішке ие өз алдына бір әлем. Ахмет Ясауи бойынша адамдық мәнділік пен қасиет оның ой-санасында, ішкі жан дүниесінде, жүрек тазалығында жатыр [Yeulekulova, 2011: 28]. Қажы Бекташтың Мақалаты мен Абайдың өлеңдерінде, Қара сөздерінде адамның жан тазалығына аса көңіл бөлінеді. Сонда ғана адам Қажы Бекташтың сөзімен айтқанда Жаратқанның сүйіктісі, ал Абайша айтқанда рухани толысқан нағыз мүмін, мұсылман бола алады. Өйткені, Абай бойынша «мұсылман болу» үш нәрсеге: Аллаға, адамзатқа, әділдікке, – деген махаббатты білдіреді [Нысанбаев, 2007: 179]. Демек, әлемнің темір қазығы болып табылатын адамның өзегі – оның жан дүниесі, санасы мен жүрек сезімі.

Сыртқы кейпі жағынан адамның барлығы бірдей болып көрінгенмен, оның ішкі жан тазалығына, мінез-құлқына байланысты олар әр алуан, тіпті оларды адамгершілігіне қарай бірнеше топтарға бөліп тастауға болады. Қажы Бекташ Мақалатында ішкі тазалығы мен қабілетіне қарай адамдарды абидтер, заһидтер, арифтер және мухидтер деп бөлген. Ал тән құмарлығына берілген адамдарды екі аяқты

хайуандарға жатқызған. Демек оның пікірі бойынша адамды «жақсы» немесе «жаман» деп бөліп қарау оның біліміне, байлығына, күштілігіне яки пысықтығына байланысты емес, ішкі жан тазалығы мен нәзіктігіне байланысты. Абайдың сөзімен айтқанда сұлулықтың бастауы осы жан сұлулығы. Осы тақырып бойынша Абайдың он сегізінші қара сөзінен мысал берер болсақ: «тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселерменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» [Құнанбаев, 1986: 114].

Әл-Фараби де, Жүсіп Баласағұни да, Ахмет Ясауи де, Қажы Бекташ та Абайдың ақымақ деп атаған мансапқа, байлыққа талпынысты, тәндік құмарлықтарды қанағаттандырумен шектелуді надандық пен хайуандыққа тән қасиет деп есептеген. Себебі, адамның тәні табиғатқа ғана тән екендігі мәлім, ол тек физиологиялық қажеттіліктерді ғана ұсына алады. Демек тәндік қалаулар хайуанға ғана тән қабілеттер болып табылады. Абай өлеңдерінде денені және тәндік қалауларды «менікі», яғни уақытша дүние деп қарастырған. Ол адамдағы «мен» мен «менікінің» ара жігін ашып, адамдағы екі құбылыстың мәні мен маңызына тоқталып кеткен. Сопылық дәстүрге сүйене отырып, ол осы тақырыптың түп тамырына үңілген: рух бұл – «мен». Рух – бізге жұмбақ дүние, бүгінге дейін ешкім оның мәнін ашып бере алмаған. Оның жауабын Қажы Бекташ Мақалатында: «Олар сенен рух туралы сұрайды. Жанды Тәңірім ғана біледі де?» [Қажы Бекташ, 2008: 78], – деген Құран аятымен шектеген. Тек жан туралы біздің білетіміз – адам өмірмен қоштасқан сәтте тән жансыз қалады. Егер адам жан тәсілім етсе, оның рухы шығады деп айтылады. Дегенмен осы күнге дейінгі ойшылдар рухқа адамилық қасиеттер тән деп есептейді. Демек моральдық-этикалық қасиеттер – «меннің» сипаттары, яғни рухани кемелденудің өлшемі. Қажы Бекташтың Мақалатында орын алған «кім өзін таныса жаратушысын таниды» деген пайғамбардың хадисі осы мағынада айтылған болса керек. Мұдай түсініктерді Шәкәрімнің өлеңдерінен де кездестіруге болады:

Еркіндік, талап, шын сүю,  
Жирену, мақтан, ой түю.  
Қуаныш, қайғы, күлкі, ашу  
Денесі сау боп жан күю...  
Жансыздан бұлар шыға ма?  
[Құдайбердиев, 1988: 230]

Абай моральдық-этикалық құндылықтарды осы «меннің» ішінде топтастырған және әуел бастан-ақ мен өлмейді және ол өлмек емес, рух және рухани қасиеттер мәңгілік деп есептейді. Алайда, «мендік» қасиетке ие рух бір бүтін адам бола алмайды, енді оған «менікі» қажет. «Менікі» дегеніміз ол – дене. Қажы Бекташтың «жан – денемен жан, Құдай Тағала құлдарының алдында құдай» [Қажы Бекташ, 2008: 78], – деген сөздері осы пікірді қуаттандыра түседі. Ал оның тіршілігі мен оған қажет қалау-тілектер уақытша және алдамшы. Мұны Абай былай түсіндіріп береді:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,  
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.  
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын  
«Өлді» деп ат қойыпты өңшең білмес  
[Құнанбаев, 1986: 178].

«Меннің» менікінен айырмасы жүрегі немесе жүрегіндегі моральдық қасиеттері екендігі даусыз. Қажы Бекташ осы жүрекке тән моральдық қасиеттерге сыдқты (шынылдық), иқрарды (ықырарлық), исбатты (өнегелікке бастау), білімді, ирадатты (талап), риязатты (рухани тәрбие), шаукты (сағыныш), махаббатты, хауфты (құдайдан қорқу), ражаны (құдайдың қайрымдылығынан үміттену), яқинды (шындық), тәуәккүлді (тәуекелге бел байлау) [Қажы Бекташ, 2008: 71] жатқызған. Жүректің Мақалаттағы келесі бар баламасы – көңіл. Қажы Бекташ көңілді (жүрек) Алланың үйі, ошағы ретінде суреттеген. [Қажы Бекташ, 2008: 82]. Мақалаттың тағы бір жерінде «көңілге – жаратқанның өзі жолдас», – деп жазады. Сондықтан, адамның тіпті, көңілін қалдырған адам құдайды ренжіткенмен тең.

Осындай ойды Абайдың мұраларынан да кездестіре аламыз. Оның пікірі бойынша адамның рухани кемелденуде ақылдың, қайраттың және жүректің атқарар орны үлкен [Takhan, 2007: 85] Бірақ, олардың арасында тізе қосқан ұйымшылдық болмаған жағдайда Абай жүректің қабілетіне иек артады. Он жетінші Қара сөзінде Абай қайрат пен ақылдың тигізер пайдалары көп екендігін қуаттай отырып, олардан туындайтын жаман қасиеттерге де тоқталады. Қайратта жақсылықпен қатар жамандықты берік ұстайтын зұлымдық қасиет табылып жататынын, ал ақыл жаратқанды да жаралған екі дүниені де тануға қабілетті болғанымен амал, айла да одан туындайтынын ескерткен. Егер қайрат пен ақыл бір жерге топтаса алмаса, олар жүректің әміріне

жүгінсін. Жүрек барлығына ортақ адам өмірінің патшасы болады. Осы үшеуінің бір кісінде менің айтқанымдай табылса, табанының топырағын көзге сүртерлік қасиетті адам да сол. Үшеуі ала болса, жүректі жақтаған жөн. Өйткені, құдайшылдық сонда. [Құнанбаев, 1986: 112-114]

Жүректің мәні мен маңызына ХІХ-ХХ ғасырдағы орыс ойшылдары да тоқталып кеткен. Орыстың діни философиясында жүрек діни тәжірибе органы [Вышеславцев, 1994: 273] және адамның бүкіл тәндік және рухани өмірінің жинағы [Юревич, 1990: 69] ретінде қарастырылады. Осы тақырып жайында С.Л. Франк былай дейді: «Адамның жүрегі бізге бірден бір қолайлы саңлау, ол арқылы басқа, жоғары әлемнің берекелі күштері эмпиризмдік әлемге құйылады және онда әрекет етеді» [Франк, 1998: 64].

Адамның рухани кемелденуіндегі жүректің маңызына сонау ортағасырлық жерлесіміз, ұлы ойшыл әл-Фараби де тоқталып кеткен. Ол былай дейді: «Жүрек – адамның ең негізгі мүшесі, ол ешқандай да басқа мүшелер тарапынан басқарылмайды. Жүректен кейінгі мүше – ми. Ол да адам денесіндегі негізгі мүше. Бірақ оның басқару қызметі бірінші емес, екінші болып табылады. Себебі, ол барлық дене мүшелерін басқарғанмен, оның өзін жүрек басқарады. Ми тек қана жүрекке қызмет етеді, ал басқа мүшелердің барлығы да жүректің табиғи ниетіне байланысты миға қызмет етеді» [Аль-Фараби, 1970: 271].

Әл-Фарабидің осы ойын Шәкәрім былайша өрнектейді:

Бір билік сол жүректен шығарылмақ,  
Денеге ол шымырлап әсер қылмақ  
[Шәкәрім, 2000: 221].

Сонау түркілер заманынан бері жинақталып келе жатқан моральдық-этикалық мұраларды өз жан дүниесіне сіңіре білген Абай Шәкәрімді осындай ой-толғауымен тәрбиеледі. «Үш Анығында» ол ынсап, әділдік және мейірім тұтастығын өз бойына игере білген жоғары адамдық құндылық – ұжданды дәріптеді. Сайып келгенде Шәкәрімнің ұсынған ұжданы жүрекке тән қасиет екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. «Ұждан – жанның тілегі, – дейді Шәкәрім, – Неге десеңіз, жан тіпті жоғалмайтын, бұзылмайтын нәрсе, барған сайын жоғарылай береді [Sydykova, 2016: 3665]. Мәселен, таза дене, таза толық мінез, ой, іскер керек қылады. Соның қатты бір керегі – совесть – ұждан. Оны

осы өмір үшін керек қылмайды, соңғы өмір үшін де керек қылады [Құдайбердіұлы, 1991: 30].

Қажы Бекташтың ізгілікке бастайтын жүрек тәрбиесі мен Абайдың жырлаған іштегі кірді тазалау, жүрек көзін ашу иманның аясында ғана жүзеге асады. Демек, иман жүректегі бүкіл адами құндылықтардың бастауы.

Иманның мәні – сенім, яғни адамның құдайға деген сенімі. Адамның ізгілікті жолда қадам басу оның құдайға деген сенімімен тығыз байланысты. Демек, құдайдан қорыққан адамның ғана жамандыққа, өнегесіздікке және шайтандық жолға бармайтыны белгілі. Тіпті құдайға сенім адамның моральдық кемістіктермен күресте мызғымас берік қалқанға айналады. Сондықтан, Қажы Бекташ «Рахманның (құдайлықтың) негізі – иман, шайтанның түп қазығы – шүбә (күдік) [Қажы Бекташ, 2008: 29], – деп есептеп, рухани кемелденудің алғашқы баспалдағы имандылық деп білген. Оның мәнін Аллаға, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне, тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Алладан екендігіне сену деп жазады ол [Қажы Бекташ, 2008: 28]. Қажы Бекташтың иман туралы көзқарасын Абай да одан ары тарата түседі. Он үшінші қара сөзінде Абай иманның мәніне тоқталады: «Иман – Алла Табаракә уә тағаланың шәріксіз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уә һәр неге бізге пайғамбарымыз саллала Аллаһу халайһи уә саллам арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын сұнып, инанмақ» [Құнанбаев, 1986: 109]. Иманның мәнін түсіндірудің маңызына тоқтала отырып, осы имандылыққа сенуге екі түрлі нәрсе керек, – деп жазады ол, – оның бастапқысы иманның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып ақылдық дәлел, келесісі – кітаптан оқу, молладан есту арқылы қол жеткізіледі [Құнанбаев, 1986: 109], – деп, ол ақли дәлелді әрдайым жоғары қояды. Мұның Қажы Бекташтың «рахмандық сұлтанның аты – ақыл, өкілі (орынбасары) – иман» [Қажы Бекташ, 2008: 29], – деген сөзімен үндесетіні айқын. Себебі, ақыл адамның жақсы мен жаманның, дұрыс пен бұрыстың ара-жігін ашып, адамның ізгілікті жолда қадам басуына мұрындық болатын даналық пен білімнің бұлағы. Жүсіп Баласағұнидің мына бір өлеңі Қажы Бекташ пен Абай сипаттаған ақылдың мәнін аша түседі:

Ақыл шырақ қара түнде, білім – нұр,  
Саған сәуле жарқыратып құйып тұр.  
Ақыл, білім жетілдірер, көтерер,  
Сый құрметке осы екеумен жетер ер  
[Баласағұни, 2004: 39].

Ал заманындағы надан молдалардың елік-тегіш, тар түсінікті білімдері мен түсініктерін, надандықпен қабылдаған имандарын Абай қатты сынға алған. Мұндай тар түсінікті білім қоғам өміріне, келер ұрпақ бақытына қауіпті екені айқын.

Кітапты молда теріс оқыр,  
Дағардай боп сәлдесі.  
Мал құмар көңлі – бек соқыр,  
Бүркіттен кем бе жем жесі?  
[Құнанбаев, 1986: 130]

Сондықтан шынайы иманға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын қажет [Құнанбаев, 1986: 109], – деп жазады Абай. Мұндай иманды Қажы Бекташ Уали арифтік дәрежедегі иман деп есептейді. Себебі, арифтік дәрежедегі иман ақылда орын алады [Қажы Бекташ, 2008: 28] Себебі, арифтер имандылықты терең танымымен көз жеткізген.

Шәкәрімнің замандасы Мәшһүр Жүсіп те имандылықты бүкіл өнегелік қасиеттердің бастауы ретінде қарастырады. Оның пікірі бойынша ақылдың, сабырдың, шүкіршіліктің, әдептіліктің негізі адамның құдайға деген шексіз және пәк сезімімен байланысты.

«Ең әуелі керек нәрсе иман», – деген.  
«Ақырет істеріне (ишларына) инан!» деген  
«Екінші керек нәрсе – ғақыл» – деген  
«Ғақылсызда тапық жағы (шағы) тақыр!» – деген.  
«Үшінші қымбат нәрсе – сабыр!» – деген  
«Сабырлысы мұратын табар!» – табар деген.  
«Төртінші қымбат нәрсе шүкір – деген  
«Нығметке шүкірсіздік – күпір» – деген  
«Бесінші қымбат нәрсе әдеп» – деген  
«Әдепсізде иман тұру ғажап!» – деген  
[Көпейұлы, 2008: 66].

Қажы Бекташ пен Абайдың, Мәшһүр Жүсіп пен Шәкәрімнің моральдық-этикалық философиясындағы имандылықтың өзегін құдайлық мән құрайды. Аталған ойшылдар құдайды адамның күнделікті тұрмыс-тіршілігінде ықпалы зор қасиетті мән ретінде түсіндіреді және бүкіл ізгіліктердің бастауы да сол жаратушының өзі ретінде қуатталады. Демек, адам құдаймен тығыз байланысты тіршілік иесі. Бұл түркі сопылығында діни сенім мен құдайды тану жолындағы имандылықты ұғынуға мүмкіндік жасайды. Сондықтан, сонау Ахмет Ясауиден бастап қазақ даласында атеистік тәрбие үстемдікке ие болғанға дейін қазақ ойшылдарының дүниетанымы, олардың адамдыққа үндеген ойлары діни тақырыпта өрбіді, барлық ізгілікті

құдайдың ұлылығымен байланыстырды. Дін мен құдай олардың философиялық ой толғауларының негізін құрады.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас,  
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.  
Көп кітап келді алладан, оның төрті  
Алланы танытуға сөзі айрылмас»  
[Құнанбаев, 1986: 247], –

деп жырлаған ұлы Абайдан бастап сол заманға дейінгі қазақ ойшылдарына қарағанда құдайға сену ой толғауларының басты темір қазығы болып табылады. Егер құдайлық есімдерді адам өз көңіліне терең орнықтыра алса, онда құдайдың мәніне терең бойлағаны болады. Абайдың отыз сегізінші кара сөзінде орын алған Құдайға тән «Рахман» (рақымды), «Рахим» (мейірімді), «Ғафур» (кешірімді), «Уадуд» (сүюші), «Хафиз» (қорғаушы), «Саттар» (айыпты жабушы), «Раззақ» (рызык беруші), «Нафиг» (пайда беруші), «Уакил» (өкіл), «Латиф» (кішіпейіл) [Құнанбаев, 1986: 141] сынды есімдер мен Қажы Бекташтың Мақалатындағы құдайдың күдіреті, ұлылығы, игілігі, мейірімділігі, махаббаты, көмек қолын созушы көмегі (нұсрат), берекелігі, жеткіліктілігі, рақымдылығы, хикметі ішінде жақсылығы, ілімі [Қажы Бекташ, 2008: 62] адамның моральдық кемелденуіне жолбасшылық жасайды және Ахмет Ясауи де, Қажы Бекташ та, Абай да, Шәкәрім де бүкіл адамзат баласын құдайдың әсем есімдеріне сәйкес рақымды, мейірімді, кешірімді, адаммен қатар бүкіл жаратылыстарды сүюге, өзгелерге пайда әкелуге, шындыққа өкіл, кішіпейіл болуға шақырды [Kenzhegaliev, 2015: 93]. Себебі, аталған моральдық құндылықтар құдайдың нақ өзінен бастау алады.

Құдайлық ақиқат үнемі тұрақты сақталатын жалғыз шындық. Сондықтан түркі сопылығында құдай «Хақ» (шындық) деп аталады. Оның ақиқат болуы өмір, адам кезең өткен сайын өзгеріп отырса, ұлы жаратушының өзгермеуіне, жалғыз ақиқат болып сақталуына байланысты. Сондықтан құдайдан бастау алатын әділет пен шындық Қажы Бекташтың да, Абайдың да және Шәкәрім мен Мәшһүр Жүсіптің де моральдық философиясының негізін құрады.

Қажы Бекташ пен қазақ ойшылдарының пікірінше құдай әлемнің қожайыны ғана емес, оны шебер жаратушысы. Ол жер-әлемді өзінің рақымдылығымен жаратқан, оған өмір мен әрекет сыйлаған. Оның жаратқан әлемінен оның шеберлігі айқын байқалады. Ал адам

осы ақиқатты ретке келтіруге де, оған пішім мен әрекет беруге де қабілетсіз жаратылыс. Сондықтан, әлемдегі болмыстар мен құбылыстардың құпиясы жаратушы бір құдайға ғана аян. Адамға белгілісі әлемнің көркем мен әсем көрінісі ғана. Сондықтан, Қажы Бекташ пен Абай әлемнің жаратылысына қарап, одан ғибрат алуды ұсынады. Себебі, ғибраттың да адамның кемелдену жолында тәрбиелік мәні зор.

Адам да көркемдікпен жарыққа шығарған құдайдың үздік туындысы екендігі баяндалып өтті. Онда құдайдың кемелдігі мен шеберлігі көрініс тапқан. Құдайдың шеберлігі ерекше сұлулық сезімімен, асқан парасаттылықпен, ғажайыпқа талпыныспен жаралған мына әлемге ой жүгірткен әрбір адамға аян.

Бас жоғары жаралған, мойын төмен,  
Қарашы, дене біткен ретімен.  
Істің басы – ретін таныматтық,  
Иман білмес тағатты қабыл демен  
[Құнанбаев, 1986: 248].

Құдай – жаратушы, ол өзінің туындысына әдемілік пен кемелдікті ғана тарту етіп қана қоймай, адамға өнерге, сұлулыққа талпыныс сезімін де сыйлады. Мұны құдайдың адамзатқа берген таланты десек те болады.

Түркілік сопылықта да, қазақ ойшылдарында да осы құдай моральдық дамудың бел асуына жататын имандылықпен қатар махаббат та рухани өрлеудің түп қайнары ретінде қуатталады [Tosun, 2009: 35]. Себебі, махаббат сұлулықтан басталады. Әркім сұлулыққа жақын оны тамашалауға жаны құмар келеді. Халық арасындағы «құдайдың құдіретін көргің келсе тауға бар» деген қанатты сөзіне сәйкес таудағы табиғат сұлулығы құдайдың құдіретін, шеберлігін паш етеді. Табиғат – сұлу, демек, оны жаратқан да сұлу. Мұны Мұхаммед пайғамбардың хадистерінен де мысал келтіруге болады: «құдайдың өзі сұлу және ол сұлулықты сүйеді». Диуани хикметте Құран аяттары мен Мұхаммед пайғамбардың хадистері аясында моральдық құндылықтар және олардың маңыздылығы кеңінен баяндалады [Tekin, 2012: 1140]. Ахмет Ясауиден бері жалғасып келе жатқан құдайға деген мөлдір махаббат қазақ ойшылдары арасында да одан ары жалғасын тапты. Ортағасырлық түркі сопылығының негізін салушы, ойшыл Ахмет Ясауидің «ғашықтық ұлы іс дүр ғапыл қалма, Ғапыл болып хақ дидарын көрме, достар» [Иасауи, 1993: 72] деген хикметі мен Қажы Бекташтың Мақалатындағы

«мақам иесі, жамағат иесі, насихат иесі, махаббат иесі болу» [Қажы Бекташ, 2008: 38], – деген сөздері және ұлы Абайдың «махаббатсыз дүние бос хайуанға оны қосындар» және «сен де сүй ол алланы жаннан тәтті», – деген өлең жолдары арасында сабақтастық сақталған.

Қажы Бекташ та қазақ ойшылдары да құдай мен адамды жеке дара болмыс ретінде бөліп қарастырмайды. Керісінше, құдай мен адам біртұтас, тіпті, құдай әлемнің барлық бөлігін құрайды, яғни, әлемдегі болмыстар құдайдың көрінісі болып табылады. Сондықтан, Алла әрбір адамда бар және ол адамға даналық пен ізгіліктің өлшеміне жөн сілтейді. Қажы Бекташ Уәли адам көңіліндегі құдайдың бір есімі болып табылатын рахмандық сұлтанды [Қажы Бекташ, 2008: 44] бүкіл моральдық-этикалық құндылықтардың қайнары деп есептеген. Құдай әрбір адамға белгілі бір мөлшердегі мейрімділік, сұлулық және ақиқат ұшқынын тарту етеді, әрбір адамның кемелденуіне мүмкіндік жасайды. Мақалаттағы құдайлық жолға бастайтын ақылдың көмекшілері міскіндік (пақырлық), ілім, жомарттық, хая, сабырлық, перһизкарлық, хауф және әдептілік [Қажы Бекташ, 2008: 44] құдайдың сыйы ретінде түсіндіріледі. Ал одан ары адамның өз қалауына байланысты. Демек, мұнда адамның ізгілікке қадам басуына мүмкіндік бар деген сөз: құдай адам үшін барлығын берді. Абайдың оныншы қара сөзінде халықтың надандығы мен жалқаулығын сынға алып, құдайдың берген игілігін алға тартады: «Тілейсің. Құдай берді, бергенін алмайсың. Құдай Тағала саған еңбек қылып, мал табарлық қуат берді. Ол қуатты халал кәсіп қыларлық орынға жұмсаймысың? Жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарып қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды оқыса, ұғарлық ақыл берді, қайда жібергенінді кім біледі?» [Құнанбаев, 1986: 107].

Ахмет Ясауидің хикметтеріндегі ең көп қарастырылған мәселе Аллаға және оның пайғамбарына болған махаббат, пақыр мен жетімдерге көмектесу, діни ережелерге мойынсұну, көркем мінез, зікір, нәпсімен күресу, өлімді ойлану сияқты тақырыптар болған [Tosun, 2015: 97]. Құдайға деген махаббат өмірдің басты қағидасы, моральдық борыш, рухани арылу тәсілі ретінде адамгершілік тәрбиеге бет түзейтін сезім. Ұлы жаратушыға махаббат мейрімділік пен әсемдікке сілтер жол екендігі даусыз. Сондықтан бүкіл адамдық қасиеттердің кілті иман мен махаббат ретінде дәріптеліп келген. Күнәдан арылу, тәубеге келу Қажы Бекташ пен Абай ілімінде



құдайға деген махаббаттың белгісі болып табылады. Өйткені адам күнәлі бет бейнесімен Хаққа бастар жол туралы тіпті ниеттене де алмайды, ал тәубеге келу ақиқат жолдың бастауына айналады.

Бұл жол – өмірлік энергияға, сарқылмас рухани қуатқа, ақыл-парасатқа, даналыққа қол жеткізу жолы. Құдайға деген махаббат нәпсі мен өнегесіздік бұғаудан азат болу, ішкі адамдық қасиеттерді дамыту, мейрімділік пен сұлулыққа бастайтын жол болып табылады. Мұны Қажы Бекташ тариқат мақамдарының оныншысы – ғашықтық [Қажы Бекташ, 2008: 38] деп қуаттаса, Абай: «Жүректің ақыл суаты, Махаббат қылса тәңір үшін», – деп түсіндіреді. Ал Мәшһүр Жүсіп өзінің толғауларында Ахмет Ясауи мен Қажы Бекташтың және Абайдың құдайға деген махаббат жайлы ойларын жинақтай келе былай қорытындылаған:

Махаббатпен жаратқан адамды өзі,  
Махаббатсыз боп кетті дүние өзі.  
«Махаббатсыз жан да жоқ, тіпті, иман», – деп,  
Анық бар пайғамбардың хадис өзі  
[Көпейұлы, 2008: 50].

Адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілік құдайға деген махаббаттан туындайды және бұл құдайға бастар ақиқат жолдың нақ өзі болып табылады. Адамды сүю қалай жүзеге аспақ? Оның жауабын Құраннан табуға болады: «Алладан басқаға құлшылық қылмандар, әке-шешеге жақсылық істендер, жақындарға, жетімдерге, міскіндерге (қайыршы) қамқорлық жасаңдар (Құран: 2/177)». Демек Құран ілімі бойынша адамды сүю, көпшілікке пайдалы іс арқылы жүзеге асады екен. Құранның ұсынған осы бір моральдық принципті ХІІ ғасырдағы алғашқы түркі суфиі де уағыздап кеткен:

Ғаріп, пақыр, жетімдердің басын сипап,  
Діні қатты халайықтан қаштым міне.  
[Иасауи, 1993: 17]

Құдайға деген махаббат адамды сүюден басталатынын жете түсінген Абай бір өлеңінде былай дейді:

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы осы деп әділетті  
[Құнанбаев, 1986, 247].

Қажы Бекташ адамды сүюді ар тазалығының ең басты өлшемі ретінде қарастырады. Демек адамды сүю құдайға ең жақын әулиелік

пен мухибтіктің белгісі. Оның араб мәдениеті мен византиялық грек мәдениетін ұстайтын халықтармен аралас өмір сүрген ортада мекендегенін ескерсек, тіпті ол өзге сенімдегі адамдарды құшақ жая бауырына тарта білгенін байқаймыз. Бекташи мәдениетінің зерттеушісі Яшар Нури Өзтүрк Қажы Бекташты адамға, тіпті бүкіл адамзатқа деген қатынаста тар түсінікті, еліктегіш көзқарастардан жиреніп, бүкіл адамзатты сүйе білуді, өзгелерді алаламауды адамдықтың белгісі деп есептеген, – деп жазады [Öztürk, 1990: 118]. Ол «Хақиқат дәрежесінің екінші мақамы – жетпіс екі халықты алаламау, кемсітпеу, үшінші мақамы – қолдан келгенді аямау. ... төртінші мақамына келер болсақ – дүниедегі жаратылған болмыстарға сенімді болу» [Қажы Бекташ, 2008: 39], – деп адам сүйіспеншілігі мәселесіне тереңдей енген.

Алладан кемістік деген атымен жоқ, ал кемістіктер адамның қара ниетінен туындайды. Десек те барлығы құдайдың қалауымен болса, неге әлемде күнәлар, кемістіктер орын алған деген сұрақтар туындайтыны табиғи. Оның жауабы адамдарда қызғаныш, құмарлық, жалқаулық, хайуандық қалау сияқты қасиеттерге байланысты, оны да берген құдайдың өзі екендігі даусыз. Алайда олар құдайдың мәніне тән емес, оларды бұл өмірдің сынағы ретінде түсінген жөн. Қажы Бекташ пен қазақ ойшылдарының пікірі бойынша адам құдайды тану жолында аталған арсыз қасиеттерден азат етілуге міндетті. Онсыз құдайға бастар жолдың қақпасы жабық.

Қажы Бекташ пен Абайдың пікірі бойынша зұлымдықтың басты себепшісі – надандық пен арсыздық. Надандықты жою басты күш ғылым мен білім болып табылады. Адамның моральдық жағынан кемелденуінде білімнің орны ерекше екендігін жоққа шығаруға болмайды. Көзі ашық, көкірек көзі ояу адамның жан дүниесінде кемелгерлікке, даналық пен ізгілікке бастайтын рухани асыл қазыналар жатқандығы мәлім. ХІХ ғасырдағы Абай, Ыбырай және Шәкәрім сынды қазақ ойшылдары өркениетті халықтар сияқты халықтың біліммен көзін ашу немесе Ахмет Ясауи мен Қажы Бекташтың дәріптеген «кемел адамға» (инсан камил) қол жеткізу үшін ағартушылық мәселесін көтерді, ол үшін көп оқу, табанды еңбек ауадай қажет [Gainullina, 2014: 513]. Білім адамға бұл өмірдегі ақиқат жолына бағыт бағдар сілтейді. Білім алуға кез келген адамның мүмкіндігі бар, тек оған Абайдың сөзімен айтқанда «талап, еңбек, терең ой» болса болғаны. Қажы Бекташ Мақалатында орын алған ішкі, жүрек танымы – «мағрифатты»

да жоққа шығармайды Абай. Тіпті мағрифат құдайды тану жолында білімділіктің ең асылы ретінде қуатталады. Құдайды тану кәләмшылар мен логика мамандары қойған әдіспен емес жүрек көзін ашу арқылы жүзеге аспақ.

Ақыл мен хауас барлығын  
Білмейдүр жүрек, сезедүр,  
Мұтакаллимін мантикин  
Бекер босқа ездүр  
[Құнанбаев, 1986: 215].

Қамшының қысқа сабына теңелген мына дүние өткінші, уақытша, сұм өмір ретінде суреттеледі қазақи фәлсафада. Ал ондағы адам бар-жоғы бұл өмірге қонақ қана. Мұны қазақ халқы арасындағы тәрбиелік мәнді мына бір нақыл сөзбен жеткізуге болады: «Бұл дүние қарап тұрсаң, шолақ екен, адамдар бір-біріне қонақ екен». Сондықтан, қазақ ойшылдары адам бұл дүниелік міндетін аяқтауға асығуы тиіс деп есептейді. Оны кейінге қалдырмауға міндетті, себебі, адам өз міндетін аяқтауға үлгері алмайды. Ондағы міндет, адамның өнегелік, моральдық тұрғыда өрлеуі, өзгелерге жақсылық жасау, адами қасиеттерде үлгі бола білу. Адам парасатты ойын жүзеге асыра отырып, адамдық кемелдікті орындайды. Қажы Бекташтың ізгілік пен кемелдік жолында төрт саты мен қырық мақам арқылы көңіл көзін ашу жолында дәруіштің талпынысын Абай «адам бол» деген өсиетімен түсіндірді. Өзінің ішкі, рухани мәнін реттеуге, адам болуға талпыныс адамды кемеңгерлікке, ізгілікті тұлғаға жетелейді.

Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол –  
Адам болам десеңіз.  
Тілеуің, өмірің алдыңда,  
Оған қайғы жесеңіз.  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ –  
Бес дұшпаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым, ойлап қой –  
Бес асыл іс, көнсеңіз [Құнанбаев, 1986: 41].

## Қорытынды

Қасиетті Құран құдайға сенушілерге өнегелі өмір сүруді, әділ, адал, ізгі ниетті болуды ұсынады [Ахтар, 2016: 136]. Құран мәтіндерінде ислам мен иман сөзімен қатар «ихсан» сөзі кездеседі, ихсан игілікті іс деген сөз. Осы желі бойынша Абай адамдарды әділдікке, қайырымдылыққа шақырады. Отыз алтыншы қара сөзіне Абай ұят сезіміне көңіл бөлген. Ол былай дейді: пайғамбарымыз салаллаһу алайһи уә саламның хадис шәрифінде айтыпты: кімнің ұяты жоқ болса, соның иманы жоқ деген. Біздің қазақтың өзінің мақалы да бар: «ұят кімде болса, иман сонда» деген. Демек Абай ілімінде ұят иман категориясының ішінде қарастырылады. Т. Ғабитов «Абай әдеп тақырыбын қозғағанда иман мәселесіне көп көңіл аударады және оны арлылық пен ұяттың баламалары ретінде түсіндіреді [Ғабитов, 2010: 223], – деп жазады. Ал Қажы Бекташ ұятты ашкөздікті жеңудің басты құралы деп есептеген [Қажы Бекташ, 2008: 85].

Қорытындылай келе Анадолыда түркілік мұсылмандық ілімді насихаттаған Қажы Бекташ ілімі мен Атамекенде ар ілімін дәріптеген қазақтың діни ойшылдары арасында сабақтастық сақталған. Қажы Бекташ пен қазақ ойшылдары өмір сүрген кеңістік пен уақыт екі басқа болғанымен олардың сусындаған ілім бұлағы бір. Ол – Ахмет Ясауи ілімі, одан ары әл-Фарабиге барып тіреледі. Ясауи іліміне сәйкес Қажы Бекташ та, Абай да, Шәкәрім мен басқа да қазақ ойшылдары адамға, оның ішкі ар тазалығына, рухани, моральдық-этикалық кемелденуіне аса мән берген. Себебі, адамдықтың мәні мансапта да, байлықта да емес, ол жоғары адамгершілік қасиетте, жүрек тазалығында жатыр. Осыған орай, Абай өзінің басты өсиеттерінде адам болуға ерекше мән берген. Демек Қажы Бекташ пен қазақ діни ойшылдары ілімінде адамдық ол жүрек тазалығында, рухани кемелденуінде жатыр.

## Әдебиеттер

- 1 Başak Burcu Tekin. (2012). The Yasawi Shrine's Bronze Doorknockers: An Assessment Of The Timurid Artistic World, The Journal Of Academic Social Science Studies, Volume 5 Issue 8, p. 1135-1155, December 2012, p. 1140
- 2 Bauyrzhan Eskaliyevich Moldagaliyev, Murat Smagulov, Bakhitzhan Menlibekovich Satershinov and Ayazhan Sagikyzy. (2015). Synthesis Of Traditional And Islamic Values In Kazakhstan, European Journal of Science and Theology, October 2015, Vol.11, No.5,p. 223
- 3 Farida Akhmetovna Gainullina, Raushan Muratkhanovna Muhazhanova, Talgat Bolatovich Kabyshev, Nurlan Oralbaevich Baigabylov. (2014). M.O. Auezov's contribution to the historical and cultural landscape of the Semipalatinsk Cisirtsh Area: revisiting the issues of the modern local literary history, Life Science Journal 2014;11(6s), p. 513

- 4 Gulnara Yeleukulova. (2011). Concepts and categories of Kazakh Philosophy, International Journal Of The Asian Philosophical Association, Volume 4, Issue 1, January 2011, p. 28
- 5 İlyas Erpay, Zikiriya Jandarbek. (2013). Training Problems of Religious Studies in Independent Kazakhstan, International Journal of Science Culture and Sport, December 2013; 1(4), p. 36
- 6 Janos Sipos, Eva Csaki. (2009). The Psalms and Folk Songs of a Mystic Turkish Order, Akademia Kiado, Budapest: 2009, p. 38
- 7 Khalitova I. R., Altynbekov A. I. (2014). Socio-Psychological Problems and Socio-Educational Value in the Work of Shakarim Kudayberdiuly «Three Clarities», Asian Social Science; Vol. 10, No. 15; 2014, p. 269
- 8 Kulush Kushenovich Kenzhegaliev, Liza Navyi, Kairat Karaevich Turlubekov, Dinara Serikovna Kakabaeva, Ermek Seisebekovich Nurumov, Gulmira Kakimovna Kainekenova, Sholpan Orazgeldieva Seimkulova, Guivira Sovetovna Mukhametzhanova, Gulim Zhailayovna Utegenova, Rizat Toleybaevich Abildin. (2015). On the parallelism of the humanistic psychology of Abay Qunanbayuli and American psychologists, Journal of Scientific Research and Development 2 (9): 89-94, 2015, p. 93
- 9 Necdet Tosun, Khoja Ahmet Yasawi, Ankara 2015, p. 97
- 10 Necdet Tosun. (2009). The Basic Views Of Khojaahmad Yasavi And His Followers, ekev akademi vergisi Yıl: 13 Sayı: 38 (Kış 20) 2009, p. 35
- 11 Öztürk Y.N. (1990). Tarihi boyunca Bektaşilik. – İstanbul: Yeni boyut yayımlar, 1990. – 262 s., 118 б
- 12 Saeed Akhtar, Badshah Rahman, Atta Ur Rahman, Muhammad Rahim, Aliya Shah, Janas Khan. (2016). The Quranic Concept of Religious Tolerance and its Manifestation in Islamic History, Journal of Applied Environmental and Biological Sciences 2016, p. 136
- 13 Saniya Edelbay. (2012). The Islamic Situation in Kazakhstan, // International Journal of Humanities and Social Science, Vol. 2 No. 21; November 2012, p. 209
- 14 Takhan S.Sh. (2007). Concept Of Personality In Abay's «Black Words» And The Problems Of Kazakh Prose's Formation, Filologiczne nauki: Przemysł. Nauka i Studia. – 2007. – № 4(4 2007), p. 85
- 15 Yerlan B. Sydykova, Abdumalik N. Nysanbayevb and Erbol A. Kurmanbaev. (2016). Kazakh Philosophy: from Abai to Shakarim, International Journal Of Environmental & Science Education, 2016, vol. 11, no. 10, p. 3665
- 16 Zhanagul Turumbetova, Bayan Kerimbekova, Yerkingul Soltanayeva, Samal Daribayev, Anay Adilzhan. (2017). The Path of the Khoja Ahmet Yasawi in Kazakh and Turkish Minstrel Customs Current Science, vol. 112, no. 6, 25 march 2017, p. 1735
- 17 Аль-Фараби. (1970). Философские трактаты. – Алматы: Наука, 1970. – 430 с.
- 18 Аюпов Н., Нысанбаев А. (2006). О тюркской фальсафе//Тюркская философия: десять вопросов и ответов. – Алматы, 2006. – 142 с., с. 17-18
- 19 Эл-Фараби. (2005). Кеңес (тандик) кітабы // Эл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. «Әлемдік философиялық мұра». Жиырма томдық. ауд. Д. Кенжетай. – Алматы: Жазушы, 2005. – 4.Т.– 568 б.
- 20 Баласағұни Й. (2004). Құтадғу білік: Құт әкелетін білім – Түркістан: Тұран баспаханасы, 2004. – 555 б.
- 21 Вышеславцев Б.П. (1994). Этика преображенного Эроса / Вышеславцев Б.П.; вступ. ст. сост. и коммент. В.В. Сапова. – М.: Республика, 1994. – 638 с.
- 22 Ғабитов Т. (2010). Қазақ философиясы. – Алматы: Раритет, 2010. – 280 б.
- 23 Иасауи Қ.А. (1993). Диуани Хикмет / ауд. М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1993. – 262 б.
- 24 Иасауидің ізбасары Қажы Бекташ Уалидің Мақалаты. (2008) / Ауд. М. Мырзабеков. – Түркістан: Тұран баспасы, 2008. – 130 б.
- 25 Көпейұлы М.Ж. (2008). Ит дүние. Таңдамалылар. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 416 б.
- 26 Кішібеков Д. (2009). Қазақ халқының мінез-құлқы, ойын сауықтары және рухани тіршілігі// «Қазіргі түркі философиясы». «Әлемдік философиялық мұра». Жиырма томдық. – Алматы: Жазушы, 2009. – Т. 20. – 512 б.
- 27 Құдайбердиев Ш. (1988). Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
- 28 Құнанбаев А. (1986). Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – Т. 1. – 304 б
- 29 Нұрмұратов С.Е. (2004). Халықтың негізгі рухани құндылықтары//Қазақ даласының ойшылдары (ХУІІІ-ХІХ ғғ.). – Алматы: Философия және саясаттану институтының компьютерлік-баспа орталығы, – 2004. – 25-43 б.
- 30 Нысанбаев Ә., Сәрсенбаева Ә. (2007). Қазақтың дәстүрлі этикасы// Қазақ этикасы және эстетикасы. Жиырма томдық. – Астана: Аударма, 2007. – Т. 12. – 496 б.
- 31 Орынбеков М. (1994). Предфилософия протоказахов. – Алматы: «Өлке», 1994. – С. 208.
- 32 Франк С.Л. (1998). Свет во тьме. Опыт христианской этики и социальной философии. – М.: Факториал, 1998. – 256 с.
- 33 Шәкәрім. (2000). Иманым. – Алматы: Арыс, 2000. – 321 б.
- 34 Юревич П.Д. (1990). Философские произведения. – М.: «Правда», 1990. – 669 с.

## References

- 1 Başak Burcu Tekin. (2012). The Yasawi Shrine's Bronze Doorknockers: An Assessment Of The Timurid Artistic World, The Journal Of Academic Social Science Studies, Volume 5 Issue 8, p. 1135-1155, December 2012, p. 1140
- 2 Bauyrzhan Eskaliyevich Moldagaliev, Murat Smagulov, Bakhitzhan Menlibekovich Satershinov and Ayazhan Sagikyzy. (2015). Synthesis Of Traditional And Islamic Values In Kazakhstan, European Journal of Science and Theology, October 2015, Vol.11, No.5,p. 223

- 3 Farida Akhmetovna Gainullina, Raushan Muratkhonovna Muhazhanova, Talgat Bolatovich Kabyshev, Nurlan Oralbaevich Baigabylov. (2014). M.O. Auezov's contribution to the historical and cultural landscape of the Semipalatinsk Cisirtysh Area: revisiting the issues of the modern local literary history, *Life Science Journal* 2014;11(6s), p. 513
- 4 Gulnara Yeleukulova. (2011). Concepts and categories of Kazakh Philosophy, *International Journal Of The Asian Philosophical Association*, Volume 4, Issue 1, January 2011, p. 28
- 5 İlyas Erpay, Zikiriya Jandarbek. (2013). Training Problems of Religious Studies in Independent Kazakhstan, *International Journal of Science Culture and Sport*, December 2013; 1(4), p. 36
- 6 Janos Sipos, Eva Csaki. (2009). *The Psalms and Folk Songs of a Mystic Turkish Order*, Akademia Kiado, Budapest: 2009, p. 38
- 7 Khalitova I. R., Altynbekov A. I. (2014). Socio-Psychological Problems and Socio-Educational Value in the Work of Shakarim Kudayberdiyul «Three Clarities», *Asian Social Science*; Vol. 10, No. 15; 2014, p. 269
- 8 Kulush Kushenovich Kenzhegaliev, Liza Navyi, Kairat Karaevich Turlubekov, Dinara Serikovna Kakabaeva, Ermek Seisebekovich Nurumov, Gulmira Kakimovna Kainekenova, Sholpan Orazgeldievna Seimkulova, Guivira Sovetovna Mukhametzhanova, Gulim Zhailayovna Utegenova, Rizat Toleybaevich Abildin. (2015). On the parallelism of the humanistic psychology of Abay Qunanbayuli and American psychologists, *Journal of Scientific Research and Development* 2 (9): 89-94, 2015, p. 93
- 9 Necdet Tosun, Khoja Ahmet Yasawi, Ankara 2015, p. 97
- 10 Necdet Tosun. (2009). The Basic Views Of Khojaahmad Yasavi And His Followers, *ekev akademi vergisi Yıl: 13 Sayı: 38 (Kış 20)* 2009, p. 35
- 11 Öztürk Y.N. (1990). *Tarihi boyunca Bektaşilik*. – İstanbul: Yeni boyut yayımlar, 1990. – 262 s., 118 б
- 12 Saeed Akhtar, Badshah Rahman, Atta Ur Rahman, Muhammad Rahim, Aliya Shah, Janas Khan. (2016). The Quranic Concept of Religious Tolerance and its Manifestation in Islamic History, *Journal of Applied Environmental and Biological Sciences* 2016, p. 136
- 13 Saniya Edelbay. (2012). The Islamic Situation in Kazakhstan, // *International Journal of Humanities and Social Science*, Vol. 2 No. 21; November 2012, p. 209
- 14 Takhan S.Sh. (2007). Concept Of Personality In Abay's «Black Words» And The Problems Of Kazakh Prose's Formation, *Filologiczne nauki: Przemysł. Nauka i Studia*. – 2007. – № 4(4 2007), p. 85
- 15 Yerlan B. Sydykova, Abdumalik N. Nysanbayevb and Erbol A. Kurmanbaev. (2016). Kazakh Philosophy: from Abai to Shakarim, *International Journal Of Environmental & Science Education*, 2016, vol. 11, no. 10, p. 3665
- 16 Zhanagul Turumbetova, Bayan Kerimbekova, Yerkingul Soltanayeva, Samal Daribayev, Anay Adilzhan. (2017). The Path of the Khoja Ahmet Yasawi in Kazakh and Turkish Minstrel Customs *Current Science*, vol. 112, no. 6, 25 march 2017, p. 1735
- 17 Al-Farabi. (1970). *Filosofskiye traktati*. – Almati: Nauka, 1970. – 430 c.
- 18 Ayupov N., Nisanbayev A. (2006). *O Tyurkskoy Falsafe//Tyurkskoye Filisofoya: desyat voprosov I otvetov*. – Almati, 2006. – 142 c.
- 19 Al-Farabi. (2005). *Kenes (tandih) kitabi// Al-Farabi men Ibn Sina filosofiyasi. «Alemdik Filosofiyalik Mura»*. Jiyrma tom-dik. Audargan. Kenjetay D. – Almati: Jazushi, 2005. – 4.t.– 568 b.
- 20 Balasaguni Y. (2004). *Kutadgu Bilig: Kut Akeletin Bilim – Turkistan: Turan Baspahanasi*, 2004. – 555 b.
- 21 Visheslavsev B.P. (1994). *Etika Preobrajennogo Erosa // Visheslavsev B.P. Vstup. St. Sost. I Komment. Sapova V.V.* – M.: Respublika, 1994. – 638 s.
- 22 Gabitov T. (2010). *Kazak Filosofiyasi*. – Almati: Raritet, 2010. – 280 b., 223 b
- 23 Yasawi K.A. (1993). *Diواني Hikmet. Aud. Jarmuhameduli M., Dautuli S., Shafigi M.* – Almati: «Murattas» gilimi zertteu jane baspa ortaligi, 1993. – 262 b., 72 b
- 24 Yasawidin izbasari Haji Bektash Validin Makalati. (2008). *Aud. Mirzabekov M.* – Turkistan: Turan Baspasi, – 2008. – 130 б.
- 25 Kopeyuli M.J. (2008). *It Duniye. Tandamalilar*. – Almati: Halikaralik Abai Klubi, 2008. – 416 b
- 26 Kishibekov D. (2009). *Kazak Halkinin minez-hulki oyin sauktari jane ruhani tirshiligi// «kazirgi turki filosofiyasi». «Alemdik Filosofiyalik Mura»*. Jiyrma tom-dik. – Almati: Jazushi, 2009. – 20. t. – 512 b
- 27 Kudayberdiyev SH. *Shigarmalari*. Almati: Jazushi, 1988.- 560 s.
- 28 Kunanbayev A. *Eki Tomdik Shigarmalar Jinagi*. – Almati: Jazushi, 1986. – 1. t. – 304 b
- 29 Nurmuratov S.E. (2004). *Haliktin Negizgi Ruhani Kundiliktari//Kazak Dalasinin Oyshildari (XYIII-XIX gg.)*. – Almati: *Filosofiya jane sayasattanu instituninin kopperlik-baspa ortaligi*, – 2004. – 25-43 b.
- 30 Nisanbayev A, Sarsenbayev A. (2007) *Kazaktin Dasturli Etikasi// Kazak Etikasi jane Estetikasi*. Jiyrma tom-dik. – Astana: Audarma, 2007. – 12 t. – 496 b.
- 31 Orinbekov M. *Predfilosofiya Protokazahov*. Almati: «Olke», 1994. – s. 208
- 32 Frank S.L. (1998). *Svet vo tme. Opit hristianskoy etike I sotsialnoy filosofii* – Moskva: Faktorial, 1998. – 256 s.
- 33 Shakrim. *Imanim*. – Almati: Aris, 2000. – 321 b.
- 34 Yurevich P.D. (1990) *Filosovskiyе proizvedeniya*. – Moskva: «Pravda», 1990. – 669 s.